

шеберлікпен игеріп жатқаны байқалады. Осыған орай, жазушылар заман тынысы мен замандас бейнесінің жаңа бір қырларын өрнектеуге ұмтылуда. Олар көркемдік философиялық тың проблема көтерерлік әлеуметтік өрісі кең тақырыптарға ойысты. Қоғам дамуының сырын сездірерлік соны жәйттерді шығармаға өзек ету, характер эволюциясын сипаттау мақсатында түрдегі жаңалықтарға өріс беру сияқты ізденімпаздық рух бой көтерді.

Бұдан бөлек қазіргі замандағы әдебиет тың жанрларға да назар аударуда. Мысалы кейінгі жылдары көпшілік арасында готикалық жанрды негізге ала отырып жазылған Мадина Омарованың әңгімелері қоғамның ерекше қызығушылығын тудыруда. Солардың бірі ретінде «Патша қызының өлімі», «Қария», «Жартас басында» сынды әңгімелерін мысал етуге болады. Бұдан басқа қазірде қазақ әдебиеттануында бір уақыт ішінде бір кейіпкердің екі түрлі кеңістікті мекен етуі сынды жаңаша хронотоп түрлері кеңінен қолданыс табуда. Ғылымда оны «екіге жарылу» деп атайды. Оған мысал ретінде Т.Әбдіктің «Оң қол», Қ.Мұбарактың «Махаббат», М.Омарованың «Жол үстінде» сынды туындыларын мысал етуге болады. Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің ең негізгі ерекшелігі бір мезетте екі бірдей кеңістікте өмір сүруі, екіге жарыла отырып өмірді таяқтың екі ұшынан да қарастырып көрсетуі. Мұндағы уақыт пен кеңістікке бағынбау, ғаламдарды еркін шарлау, кедергілерді елемеу тылсымнан келген дүние емес, бұның бастамасы сонау мифопоэтикалық танымның төл белгісінен бастау алады. Бұл да біз жоғарыда атап кеткен жоғалған көнені қайта жандандырудың озық үлгісі болып табылады.

Соңғы уақыттарда қазақ прозасы адам руханилығы мәселесіне түрлі философиялық көзқарастар тұрғысынан келуге тырысты.

Себебі адамдардың рухани мәдениетінің қалыптасуы- аумалы-төкпелі заманымыздың ең маңызды мәселесі болып табылады. Өйткені қоғамның рухани- жадаулығы-қауіпті дерт. Ол адамдардың , саяси моральдық азып-тозуына елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан құлдырауына алып келеді.

Бүгінгі қаламгерлер қоғамның рухани бейнесін көрсету, ұлттың рухын көтеру идеясын өз әңгімелеріне өзек ете отырып, өз шешімін күтіп жатқан сұрақтардың бірі халық пен өнерді әлеуметтік қолдауды бірінші кезекке шығарды. Себебі өтпелі кезеңнің әлеуметтік қиындығы ең бірінші халық пен оның өнеріне қатты тиген еді. Өзінің өнері арқылы ұлт басқа елге танылады. Сол өнердің ыстық-суығына күйіп жүрген өнер адамдарының тағдыры бүгінгі күні не болып жатыр деген сауал жазушылар қауымын ойлантқан. Осындай азаматтық, адамзаттық мәселелер бүгінгі қазақ әңгімелерінің тартысының синкретті сипат алуына негіз болды. Әлеуметтік, ішкі психологиялық тартыс бірінен-біріне ауыса отырып, кезең бейнесін характер болмысы арқылы танытуды көркемдікпен игере бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ыбыраев Ш. Әдебиетіміз үдеп жүр ме, жүдеп жүр ме? // Қазақ әдебиеті. –1996, 5 наурыз №10 – 3 б.
2. Әшімханов Д. Қазіргі жастар прозасы // Қазақ әдебиеті. – 2001, 23 қараша. № 47. 9 б.
3. Оразалин Н. Әдебиет – ардың айнасы // Қазақ әдебиеті. – 2001. № 48. 8 б.

ӘОЖ 1751

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДА АБСТРАКТ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Әлімбай Әсел Әлімбайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті .
Нұр-Сұлтан ,Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к.,профессор Қ.М.Байтанасова

Абай Құнанбайұлы қазақты жақсылыққа, адамгершілікке, тәрбиелікке имандылыққа жетелеп, үлгі көрсетіп, бағыт-бағдар берген қазақтың тұлпағдары іспеттес,қазақтың мандайына біткен алтын тұлға.

Академик С.Қасқабасов «Абай» атты кітабында Абай поэзиясының ерекшелігін көрсетеді: «Абай поэзиясында адамның өзі – құдірет екенін, құдірет – білімінде,ақылында,жүрегі мен жанында екенін көреміз.Адамның жасампаздық еңбегі мен іс-әрекеті, шығармашылық әрі ойлау қабілеті,оның махаббатты білу, сезіну, сүйе білу қасиеті – өлмес, өшпес, ешнәрсеге теңдесі жоқ құдірет» [1.78].Дәлірек айтсақ,Абайдың поэзиясындағы адамның бойындағы қасиеттер сол адамның тағдырына, қоғамына елеулі әсер ететінін көреміз. 1976 жылы Алматыда жарық көрген «Абай өлеңдері» атты еңбекте Абай атамыздың 125 өлеңі, аудармаларынан: А.С.Пушкиннен 4 аудармасы, М.Ю.Лермонтовтан 15 аудармасы, И.С.Крыловтан 7 аудармасы топтастырылған. Ақын өлеңдеріндегі абстракт сөздерге тоқталайық. «Сап-сап көңілім, сап көңілім» өлеңінде басты сөз «көңіл» сөзін Абай 13 рет қолданған. Басқа да абстракт сөздер «сабыр» сөзін 2 рет, «дәулет» сөзін 2 рет, «бейнет» сөзін 2 рет, «адал» сөзін 2 рет қолданған. Әр қолданысында көңілге маңызды ой түйгізеді. Сол қолданыстарының біріне тоқталайық:

Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!

Сабыр түбі – сары алтын [2.10] - деп, айтылған тұстарында көңілдің ар жағында адамға сабырлы болуды ұқтырады. Ал:

Адалды сатсаң арамға.

Құдай қабыл етер ме?

Қыз сүйеді мені деп,

Оған көңіл көтерме! [2.10]-деген жолдарында сатқындық жасай отырып, Құдайдан тілек тілеу қисынсыздық екенін аңғартады. Адалды сату, сатқындық түзу жолдағы адамның іс-әрекеті емес. Өлеңнің аяқталар тұсында:

Көріп алсаң көріктіні,

Таңдап алсаң тектіні,

Сонда да көңіл толмай ма?

Егер адал жүргенде,

Тіпті жолың болмай ма? [2.10]-деген Абай терең ой айтады. Себебі: тектілік пен көрікті бір бойына жинаған жанды алған адамның көңіл тоқ, ғұмыры жарасымды болады. Сондай-ақ адал болсаң, жолыңды Алла да оңғарады. Бұл Абайдың көркем, астарлы ойы мен ақылының үшқырлығын көрсетеді. Абайдың келесі өлеңі - «Қансонарда бүркітші шығады аңға». «Қансонарда бүркітші шығады аңға өлеңінде «жақсы», «ғанибат», «тату», «жан», «қызық», «айла», «көңіл», «құмар», «ой», «ниет» секілді абстракт ұғымдар қолданған. Мәселен:

Құсы да, иесі де қоразданар,

Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.

Үйірімен үш тоғыз» деп, жымыңдап,

Жасы үлкені жанына байланғанда. [2.12]. Ақын өлеңде қыс мезгілін және қазақтың өнегелі дәстүрі - аң аулаудың тәсілін орайлы абстракт сөздерді қолдану арқылы тамаша береді.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінде: «әдеп», «ләззат», «жан», «мақтан», «қасиетті», «арсыздық», «ұятсынбай», «ой» абстракт сөздері тал бойында бір міні жоқ кескіні мен келбеті жарасқан қыздың сөзбен кестелеген суретін шебер жеткізген. Өлеңде кей жігіттің мақтан қуғандығын әшкерелеп, өлеңінің аяқталар тұсында былайша толғанады:

Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тырнақтаған.
Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт,
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған [2.14].

«Қартайдық қайғы ойладық ұйқы сергек» өлеңінде: «қайғы», «ұйқы», «ашу», «ой», «мұң», «көңіл», «сергек», «өмір», «тағдыр», «ақыл», «жаман», «адал», «қулық», «арамдық», «жамандық», «дәулет», «қорлық», «қылжаң», «надан», «арам» абстракт сөздері кездеседі. Өлеңде:

Адамзат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,

Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек? [2.15]-деп, Абай ақылдылық пен адалдықты ту етіп, надандық, арамдық, жамандық, қылжаң сынды жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуды терең бойлай жеткізген. Ақын абстракт сөздерді қолдана отырып, оқырманның қиялын, ойлау жүйесін шыңдап, ақ пен қараны ажыратуға өлшеусіз үлес қосқан.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңінде: «қайғы», «арман», «күш», «мінез», «арамдық», «сұм-сұрқия», «қанағат», «жан», «ар», «қулық» абстракт сөздері кездеседі.

Қартайдық қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман [2.17] - деп, Абай қоғамдағы адамдардың теріс жолға түсіп жатқанын күйіне жеткізеді. Арам ойлы болыстар, мал үшін сатылған адамдар, отбасындағы үлгенді сыйламайтын балаларды көріп, Абай өлеңінде кейінгі ұрпаққа бұрыс жолдың зардаптарын көрсете отырып, дұрыс жолға жетелейді.

«Қыран қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?!» өлеңінде: «ыза», «ыржаң», «сая», «жан», «олжа» абстракт сөздері қолданылған. Өлеңде:

Басқа сая, жанға олжа, дәнеме жоқ,

Қайран ел осынымен жүр далақтап» [2.19],- деп аяқталады. Бұл өлеңнің астарлы мағынасы кең. Себебі: адал, жақсы жандар қыран бүркітпен аңшылыққа шықса, ал көрсеқызар, ұнамсыз адамдар күйкентай мен қарғаны сақтап, аңшының қыран бүркітіне жібереді. Қарға қарқылдап, күйкентай шиқылдап, қыранға аң аулауға мұрша бермейді.

Аңшыға дес бермедік деп, әлгі жамандар түнімен өздерінің құстарын мақтайды. «Байлар жүр өлеңіндегі» абстракт сөздер: «сұм-сұрқия», «қу», «құмар», «күшті», «жақсы».

«Көңілім қайтты» өлеңінде: «жан», «саналы», «мейір», «қуан», «ыза», «күш», «арсыз», «көңіл», «пайда», «залал», «сұрамсақ», «нәпсі», «қулық», «борыш» абстракт сөздерді Абай қисынды қолданған. Өлеңде:

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,

Не пайда , не залалды біле алмай жүр [2.23]- деп, Абай жаман нәрсеге әуес адамдар пайда мен зиянды ажырата алмай жүргенін, ұрлық-қарлыққа әуес қоғамды, нәпсісін тыя алмай қоғамның азғындап бара жатқанын Абай қамыға жеткізеді. Өлеңнің астарында қоғам түзелсе екен, оң мен солын, ақ пен қарасын ажырата алатын адамдар көбейсе екен деген ой жатыр.

Ақын «Адасқанның алды жөн» өлеңінде: «арам» , «кесел», «қулық», «қалжың», «ыржаң», «олақ», «қу», «сымпыс», «адал» абстракт сөздерді қолдана отырып, өлеңдегі айтпақ ойын терең береді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі абстракт сөздер: «ғылым», «мақтан» , «құмар», «қайғы» , «өсек», «өтірік», «мақтаншақ», «еріншек», «дұшпан», «талап», «ой», «қанағат», «рақым», «жамандық», «көңіл», «жақсылық», «нәфрәтлі», «ғибрәтлі», «ғылым», «махаббат», «ақыл», «дүние», «шыншыл», «уақыт». Өлеңде:

Адам болам десеңіз,
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпанын білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,

Оны ойға жисаңыз» [2.33]-деп, Абай жамандық көрсең жиіркеніп, жақсылық көрсең үлгі алуды оқырманға ұшқыр ойымен түсіндіре білген. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды – асыл қасиет десе, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектік, бекерге мал шашуды – бес дұшпанға телиді. Міне, Абайдың уақыт сынынан мүдірмей өтетін, ескірмес, ұрпаққа мәңгі тәрбие берерлік өлеңінен терең ой түйеміз. Ақын өлеңдеріндегі білім мен ғылым басты тақырыптардың бірі екені белгілі. Абай жастарға оқу-білімді игеру ұнасымды мінезді, ізденіс пен терең танымды қажет ететіндігін үнемі ескертіп отырады.

«Білімдіден шыққан сөз» өлеңіндегі «талап», «сыр», «көңіл», «ақыл», «ой», «мінез», «арам», «жақсы», «қулық», «сұмдық», «өсек» абстракт сөздері ақынның жастарға айтқан ғибратының түйінін жеткізеді:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез,
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз» [2.69].

Абай поэзиясына жоғары баға берген академик З. Ахметов: «Абайдың ақындық тұлғасын, жан дүниесін, арман-мұратын ең толық, ең терең, ең дұрыс танытатын – әрине, оның поэзиясы, асқақ шабыттың қуатымен жүрегін жарып шыққан иненің жасуындай жасандылығы жоқ өлеңдері, «жалын мен оттан жаралған» сөздері. Ақын жүрегіннің түбіне терең бойлаймыз десек, оның поэзиясына бар ықыласымызбен, үлкен ілтипатпен зер салу қажет» [3.6] -дейді. Шындығында да, Абайдың поэзиясына зейін қойсақ, ақынның арман-мұратын, асқақ шабытын көреміз. Абайдың білімге, тазалыққа, имандылыққа толы өлеңдерін оқу адамның көзі, мен көкірегін оятады, рухани тазалыққа бағыттайды. Зерттеуші Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэтикасының тілі» кітабында Абай Құнанбайұлының поэзиядағы шеберлігін былайша тізбелейді: «Бірінші: Абай өз өлеңінің тақырыбы етіп, көбіне

жалпы адам баласы мәселелерін алды да, оларды адам баласы идеалы дәрежесінде жырлай білді. Шығарманың ұлттық көрінісі сол пікірді айтып беру үшін ат шаптырар майданы ғана болды. Екінші: қандай өлең, қандай сөзді болсын мазмұн мен сезімге құрды. Өлеңінде бірінші орынды мазмұнға, сезім дүниесін суреттеуге беріп, түрі сол мазмұнды, сезімді оқушыға жеткізу үшін қолданылуы керек деп ұқты. Үшінші: әрбір сөз мағына жағынан айтатын ойға қатесіз анық, айқын, дәл болуын берік ұстады. Төртінші: өлең, сөйлемдерде мағына қатынасы жоқ, шумақтың жол санын толықтыру үшін қолданылатын бос сөздерге қарсы қатты күрес ашып, өз өлеңдеріне сөйлем мен байланысы жоқ, басы артық бір де бос сөз жібермей, әр сөздің шумақтағы айтылмақ ой, пікірге нық байланысты болуы керектігі және оның мүмкіндігін өз өлеңдерінің үлгісімен дәлелдеп берді» [4.154].

Қорытындылай келе, танымы кең, қиялы мен ойы ұшқыр, әділ, кемеңгер Абайдың поэзиясы - уақыт сынынан мүдірмей өтіп келе жатқан, мән-мазмұны терең, үлкен ой түйерлік қазақ тарихында ғасырдан ғасырға жететін қазына. Хакім Абайдың сөз саптауы, терең ой толғанымына, қара қылды қақ жарған әділдігіне, даналықтығына сүйсіне, үлгі алып, еңбектерін оқыған халық - болашағы жарқын, мақсаттары айқын, бірлік, ынтымағы жарасқан, ата-бабамыздың ізін жалғар тектілікті сақтары хақ!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Абай. – Алматы, 2010.
2. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. – Алматы, 2014.
3. Ахметов З. – Абай. - Алматы, 1995.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэтикасының тілі. – Алматы, 1960.

ӘОЖ 691.33

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННІҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

Бексултанов Барысбек Мауленұлы

zhkadyrov_777@mail.ru

М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ Филология мамандығының 1 курс магистранты,
Петропавл, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Қадыров

Майдан қаһарманы Мәлік Ғабдуллиннің эпистолярлық мұрасы мейлінше мол, көлемді дүние.

Ұлт тағдырын тереңнен толғап, қазақ фольклоры мен әдебиеті тарихын түп-тамырынан қозғап, тексеріп-талдаған шынайы білімпаз-ғұламаның шалқар эпистолярлық мұрасында ұлттық, мемлекеттік қоғамдық-әлеуметтік мәселелер өткір, жарқын түрде әсерлі, мәнерлі, көркем баяндалған. Нақтылы келгенде, жүрек, көңіл сырларымен қатар, қазақ тілінің мәртебесі жазу-сызу мәдениеті, ұлт руханиятының өзекті, көкейкесті, күрделі құбылыстары, ақын-жазушылардың шығармашылық еңбегі, суреткерлік қолтаңбасы, олардың өзара қарым-қатынасы, ұлт жауынгерлерінің ерлік-қаһармандық істері және т.с.с.

Мәлік Ғабдуллиннің ұлт мәдениетінің көрнекті тұлғалары, алаштың ардақтылары Сәбит Мұқановқа, Мұхтар Әуезовке, Ғабит Мүсіреповке, Әди Шәріповке, Бауыржан Момышұлына, Үміт Балқашевке, Есмағамбет Ысмаиловке жазған танымдық, тәрбиелік, көркемдік мәні өзгеше хаттары, сондай-ақ ұлт санаткерлерінің Мәлікке жазған пана лебізді хаттары да сақталған.